

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 наурыздағы № 2/18 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 4488 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 17 қазандағы 2023 жылғы № 7/74 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 17.10.2023 № 7/74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Қарақия аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің және құрылымдық элементінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарақия аудандық мәслихатының заныштырылған депутаттар өкілеттілігі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Г.Муканова).

4. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Р.Ибраева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Е.Тәжібаев

Ж.Қалаубай

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 19.09.2022 № 18/182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 26.05.2023 № 4/29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге отініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын занды тұлға;

2) арнайы комиссия- өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қызын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Қарақия аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі ;

8) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімдерімен құрылатын комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғарғы мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органмен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - әлеуметтік көмек алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ, мереке күндерге ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көзделген әлеуметтік қолдау шаралары осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте көрсетіледі.

Ескерту. 5- тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 28.11.2022 № 20/197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2-тарау. Әлеуметтік көмек көрсетудің, мұқтаж алушылардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) 21-23 наурыз - Наурыз мейрамы:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған және бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға -2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 9 мамыр - Жеңіс Күні:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген адамдарға – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі – КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1988-1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысуышылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-6 баптарында аталған адамдардың отбасыларына; Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасыларына; Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмыскерлерінің отбасыларына; бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына; Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына; Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына; Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен солардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның, сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет

етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1979 жылғы 1 желтоқсаннан 1989 жылғы желтоқсанды қоса алған кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылары мен қызметшілеріне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілеріне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) 4 маусым - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мүгедектігі бар балаларға - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен тұлғаларға - 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға - 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) 1 қазан - Қарттар күні:

70 жастан асқан зейнеткерлерге - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) 25 қазан - Республика күні:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні:

"Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленген тәртіппен ақталған, Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқан тұлғаларға - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ескерту. 6 – тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 26.05.2023 № 4/29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Әлеуметтік көмек өмірлік қызын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына көрсетіледі:

1) уәкілдіті ұйымнан мемлекеттік жәрдемақы алмайтын, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар тұлғаларға, атап айтқанда: туберкулезге, қатерлі ісіктері және адамның иммун тапшылығы вирусын (бұдан әрі – АИТВ) туыннатқан ауруы бар тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, бір рет 26 (жырма алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, бір рет 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) АИТВ жүктырып алған балаларға, ай сайын Қазақстан Республикасы бойынша 2 (екі) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

4) өтініш берген тоқсанның алдындағы Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1,5 еселенген шамасынан төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар тұлғаларға (отбасыларға): жетімдік; ата-ана қамқорлығының болмауы; кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық; кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы; туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі; дene бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы; әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі; жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы; әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау; баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар); бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы; пробация қызметінің есебінде болу, бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

5) Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын және Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар студенттерге, атап айтқанда: бала кезінен мүгедектігі бар тұлғаларға, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, бір рет 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген адамдарға, олардың жесірлеріне, қаза

тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда енбек еткен және әскери қызмет өткерген адамдарға шипажайлық - курорттық емделуге табыстарын есепке алмай, бір рет, бірақ кепілдік берілген сомадан артық емес;

7) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге және тұрғын үйді күтіп ұстауға, табыстарын есепке алмай, ай сайын, нақты шығын мөлшерінде.

Ескерту. 7 – тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 26.05.2023 № 4/29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер Ұлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы органдар бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Қарақия ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүргізіледі.

11. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банктика операциялардың тиісті тұрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

3-тaraу. Қорытынды ереже

12. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын пайдалана отырып жүргізеді.

Қарақия аудандық мәслихатының

2021 жылғы 29 наурыздағы

№ 2/18 шешіміне 2 қосымша

Күші жойылды деп танылған Қарақия аудандық мәслихатының кейбір шептімдерінің және құрылымдық элементінің тізбесі

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2779 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 шілдедегі "Қарақия" газетінде жарияланған).

2. "Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы № 3/24 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3091 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 шілдеде "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 24 қазандағы № 5/45 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3183 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қарашада "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 қазандағы № 11/134 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3450 болып тіркелген, 2017 жылғы 2 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 наурыздағы № 16/186 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3555 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 17/196 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3630 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту

"туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2018 жылғы 3 шілдедегі № 18/211 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3688 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/265 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3769 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

9. "Қарақия аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 маусымдағы № 27/285 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 29/302 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3876 болып тіркелген, 2019 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

10. "Қарақия аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қарақия аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 41/414 шешімінің 17 – тармағының 2) тармақшасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4237 болып тіркелген, 2020 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).